


№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектеп

директоры Г.А.Парманованың міндеттері:

2021-2022 оқу жылы

- Жалпы білім беру заңының орындалуына,білім беру үйымын оның Жарғысына және басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады.
- Қоғамдық үйымдармен,оқу орындарының кеңесімен бірлесіп,бағдарлама және оқу жоспарын, оқу процесінің күнтізбе кестесін, ішкі тәртіп ережесін және т.б. нормативтік актілерді үйымдастырады және бекітеді.
- Білім беру үйымдарының басқару құрылымын,штаттық кестесін,лауазымдық міндеттерін бекітеді,білім беру қызметін мекеменің лицензиясы бойынша құқығына сыйкес жүргізеді.
- Оқушылар қатарын,тәрбиелеушілерді әлеуметтік қорғаныспен қамтамасыз етеді.
- Экімшілік ауданының участкесіне бекітілген балалардың жалпы міндетті оқумен қамтамасыз етеді.Әдістемелік бірлестіктер мен педагогтардың үйымдастыруымен бірлесіп жұмыс жасайды,зан бойынша рұқсат етілген жастар үйымымен,соның ішінде,балалардың қоғамдық жұмыстарын жүйелейді.
- Жалпы тاماқтандыру мен медициналық кабинеттің жұмыстары үшін қажетті жағдайлар жасайды және оқушылардың,тәриешілер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен нығайту маңсатында олардың жұмысын бақылайды.
- Оқу-тәрбие беру процесін әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін дамытады және үйымдастырады .
- Мекеменің қазынасы мен құралдарына билік жасайды,жыл сайын мекеменің кіріс және шығыс, қаржы мен материалдық құралдарына есеп береді.
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, жетім балалардың мемлекеттік қамқоршысы болады,олардың зандақ құқығы мен мүддесін (жеке қазыналық,тұрмыстық,еңбек т.б.) қорғайды,туысқандар мен байланыс жасау шараларын қарастырады.
- Тәрбиленушілер мен оқушылардың өмір сұру мен оларды асыраудың мөлшері белгіленген нормадан төмен болмауын қамтамасыз етеді.
- Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасына толықтырулар мен олардың есебін,сақталуын қамтамасыз етеді,тәртіп ережесіне,санитарлық-гигиеналық режиміне,техникалық қауіпсіздік пен еңбек қорғауды сақтауга жауап береді.

Таныстым:  Парманова Г.А.

**№22 3.Рустемов атындағы жалпы орта мектеп директорының
оку ісі бойынша орынбасары А.Жумаголовтың міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

- Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жумаголов жалпы әдістемелік жұмыстарға басшылық пен бақылауға, аудандық білім бөліміне тапсырылатын оқушылар қозғалысын жөргізуге міндетті. Барлық пәндік олимпиадаларды өткізіп, ауданға дайындауға бағыт бағдар береді. Азаматтық қорғаныс штабын басқарады. Жұмыс уақыты 8⁰⁰-17⁰⁰ дейін, өз сағаттарын өтеді. Төмендегіше әдістемелік жұмыстарға басшылық жасайды:
- Оқушылардың ғылыми жұмыстарына басшылық жасауға, ҰБТ-ға ОЖСБ-ға оқушыларды саналы тәрбие, сапалы білім алуына басшылық пен бақылау жасау.
- Сабак және қонырау кестелерін жасау;
- Мектепшілік еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету;
- Үйде оқытылатын балалармен атқарылатын жұмыс;
- Олимпиада резервтерін жасау;
- Ашық сабактар кестесін жасау;
- Үстаздардың педагогикалық шберліктерін жетілдіру;
- Сабактар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету;
- Жас мамандарды қесіби шындау;
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабактарының өтілу сапасын жоғарылату;
- Оқытудың жаңаша әдіс тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерді жалғастыру;
- Шығармашыл мұғалімдерді педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;
- Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және аprobациялау, озат
- педагогикалық тәжірибелі, оқытудың жаңаша формаларын, әдістерін ендіру;
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты үйымдастыру және өткізу;
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау;
- Үлттық білім беру деректер қорын толтыруға жауапты.

Таныстым:  Жумаголов А

№22 З.Рұстемов атындағы жалпы орта мектеп директорының

оқу ісі бойынша орынбасары Р.Алимкулованың міндеттері:

2021-2022 оқу жылы

- Бастауыш сыйыптардың әдістемелік жұмыстарына мекепішлік бақылау және басшылық жасау.
- Пәндік олимпиада,бастауыш кластардың оқу кабинеттерінің тазалығын,безендіру жұмыстарына тікелей жауапты.
- Педагогикалық қызметкерлердің күнделікті және алдағы қызметінің жұмысын үйымдастырады.
- Оқу сабактарының кестесі мен басқа оқу түрлерінің жұмысын құрады.
- Оқытушылардың озық тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қолданады.
- Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауға алады.
- Бастауыш Сыйыптардың оқу бағдарламасының орындалуын қадағалайды,сапасын жетілдіреді.
- Мектептегі барлық инновациялық түрғыдағы жұмыстарға жауапты.
- Пед.ұжымның ағымдағы және болашақ жұмысын жоспарлауды үйымдастырады.
- Қажетті оқу-әдістемелік құжаттардың дайындалуын қадағалайды.
- Оқу және тәрбие процестерінің сапасын,оқушылардың білім дайындығының объективті бағалануын,факультатив пен үйрмелердің жұмысын бақылайды;сабактарға қатысады. (180 сағ.оқу жылына) сабактарды талдайды,зерттеу қорытындысы мен педагогтерді таныстырады.
- Пед.қызметкерлерге жаңа бағдарламалар мен технологияларды игеруде, дайындауда әдістемелік көмек көрсетеді.
- Озат тәжірибе орталығының жұмысын алып бару.
- Оқу процесін жандандыруға ұсыныстар жасайды.
- Оқу кабинеттерін заман талабына сай жабдықтар бойынша,кітапхананы жаңа газет журналдармен,әдеби-көркем,әдістемелік кітаптармен,құралдармен жабдықталуы бойынша жұмыс жүргізеді.
- Сынып журналдарының талапқа жүргізуін қадағалайды.
- Қабілетті ерекше балалармен жұмысты жолға қою
- Әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік кеңестің жұмысын жолға қою.

Таныстым:  Алимкулова Р.

**№22 3.Рұстемов атындағы жалпы орта мектеп директорының сыйныптан
және мектептен тыс тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары**
3.Ерназаровтың міндеттері:

2021-2022 оқу жылы

- Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Ерназаров мектептің барлық тәрбие беру процесін ұйымдастырып,төмендегі тәрбие жұмыстарына басшылық жасайды.
- Мектептің барлық тәрбие беру процесін ұйымдастыру үшін жауап беріп,оқушыларды тәрбиелеу бағдарламасын құрады,оны ұйымдастыруға жаңа ұсыныстар енгізеді.
- Тәрбие процесінің проблемаларын,тәрбие жұмысының нәтижесін,тәрбие жұмысы жөніндегі оқу орнының алдағы жетістіктері мен жағдайына талдау жасайды.
- Оқу орнының тәрбие жұмысын жоспарлайды,тәлімгердің алдағы жоспарын,сынып жетекшілері жұмысына бақылау жасайды.
- Тәрбие жұмысы бойынша жалпы мектептік мәдени тәрбиелеу шараларын,оқу орнының қызметкерлерімен өткізілетін тәрбиелеу процесін,үйірмелер,секция мен тәрбие жұмыстарын үlestіреді.
- Девианттық мінез-құлықты балалармен жеке тәрбиелеу жұмыстарына бақылау жасайды.
- Білім беру ұйымының тәрбие жұмысымен айналысатын қызметкерлердің құқық қорғау ұйымдарымен,ата-аналар ұйымымен қарым-қатынасын үlestіреді.
- Білім беру ұйымында моральды-психологиялық климатты құру бойынша жұмыстарды басқарады.
- Тәрбие жұмысы уақытындағы қолданылатын техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Мөлтек аудан бойынша жұмыстарды ұйымдастырады (оқушыларды мектепке тарту,тізімін анықтау,есеп тапсыру).
- Кезекшілікке басшылық пен бақылау жасайды.
- Ата-аналармен жұмыс жасап,ата-ана комитетінің жұмысына басшылық жасайды.
- Мұғалімдер арасында құқықтық оқу ұйымдастыруға міндетті.
- Оқушыларға еңбек қауіпсіздігі бойынша инструктаж жүргізуін,журналға қол қойдырып тіркелуін бақылайды.
- «Оқушылармен болған жазатайым оқиғалар журналын» жүргізеді.

Таныстым:  Ерназаров З.

**№22 3.Рұстемов атындағы жалпы орта мектеп директорының сыныптан
және мектептен тыс тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары**

K.Смайлованың міндеттері:

2021-2022 оқу жылы

- Директордың оқу тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары К.Смайлова кластан тыс оқу тәрбие жұмыстарының II кезеңіне жауапты.Мұғалімдер арасында құқықтық оқу үйымдастыруға,мектептің дебат,пікір-сайыс клубына жетекшілік жасауға, алуға жауапты.
- Барлық сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды сапалы үйымдастыру.
- «Болашақ» үйымының жұмысының педагогикалық және ғылыми-әдістемелік басшылық жасау;
- Мектептегі өзіне-өзі қызмет көрсету,кезекшілік жұмыстарын жолға қою;
- Сынып жетекшілерінің апталық тәрбие сағаттарын өткізу, кестесін жасау,оның орындалуына бақылау жасау;
- Сынып жетекшілерінің апталық тәрбие сағаттарын өткізу, әдістемелік бірлестігіне басшылық жасау;
- Оқушының ата-анасымен тығыз байланыста болу;
- Сабактан тыс жүргізілетін үйірмелердің жұмысына басшылық пен бақылау жасау;
- Мектепке қарасты мөлтек ауданда оқушылардың тұратын жерлерібойынша клубтар,үйірмелер пайдалы істер үйымдастыру;
- Мереке күндерін өткізуге басшылық жасау;
- Тәрбиесі қын оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйесін жасау;
- Имандылық күнін өткізу;
- Кештер,кездесулер,сайыстар мен жарыстар өткізу;
- Оқушылар арасында құқықтық тәрбие мен құқықтық оқуды жолға қою
- Жол ережесінің оқылуына басшылық жасау.

Таныстым:  Смайлова К

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің
ага психология Умирова Балжанның міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

- Мектеп педагог-психологы Б.Умирова оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды, тәээрбиесі қын оқушылармен жеке жұмысқа, сиынп жетекшілері мен ата-ана арасындағы байланысқа т.б. жауапты. Аптасына 1 күн жалпы кезекшілікке басшылық жасауға, ОЖСБ, ҰБТ-ға оқушылардың құпиясын жарияламауға, шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруды кәсіби шеңберден шықпауга міндетті. Оқушылармен жұмыс.
- Психодиагностикалық минимумнан өткізу;
- Интеллектуалдық даму деңгейін анықтау;
- Психологиялық ерекшеліктерін, таным процестерін зерттеу;
- Оқушылардың жеке психологиялық қасиеттерін зерттеу;
- Оқушылардың ата-аналарымен қарым қатынаста болу;
- Психологиялық көмекті қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларды үйімдастыру;
- Педагогтармен жұмыс.
- Педагогтарды, балаларды оқыту жөніндегі психологиялық теория және зерттеулермен танысу;
- Пәндерді дамыта оқытуға қойылатын психологиялық талапты талқылау және оны құру;
- Педагогтарды балалармен оқу жұмыс процесінде қайтымды рефлексияға дайындау;
- Инновациялық процесс жағдайында оқушылардың дамуын диагностикалап бақылау жүргізу, өзара қарым-қатынасты дамытудың жеке модульдерін жасау және педагогтарға кенес беру;
- Әкімшіліктің сұранысы бойынша оқу процесі барысында педагогтар мен балалардың қарым-қатынасына бақылау жүргізу, өзара қарым-қатынасты дамытудың жеке модульдерін жасау және педагогтарға кенес беру;
- Жеке тұлғалық және кәсіби өсу тренингтерінің көмегімен педагогтардың жоғары біліктілік деңгейін қалыптастыру;
- Әкімшілікпен жұмыс.
- Диагностикалық зерттеу нәтижесімен таныстыру және оны талқылау;
- Мектептің жұмыс жоспарын құруға қатысу;
- Педагогикалық кеңестің дайындық жұмысына қатысу, ұжымдық жұмысқа психологиялық көмек беру;
- Әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу;
- Туындаған проблемалық себептердің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру, педагогикалық процестерге қатысушыларға кешенді ұсыныстар жасау.

Таныстым:  Умирова Б.

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің
ага психологи Алматова Гулмираның міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

- Мектеп педагог-психологы Г.Алматова оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды, тәрбиесі қын оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге, ОЖСБ, ҰБТ-га оқушыларды психологиялық түрғыдан дайындалуына көмектесу, алтасына 1 күн жалпы кезекшілікке басшылық жасау шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруда кәсіби шенберден шықпау, атқарылған жұмыстардың міндеттері мен әдістері туралы нұсқауларды көсіптік жағынан басқаратын адамдар бергенде оларды нақты орындау міндеттеледі.
- Оқушылармен жұмыс.
- Оқушыларды психоdiagностикалық минимумнан өткізу.
- Оқушылардың сыйып оқушыларының таным процесін зерттеу.
- Интеллектуалдық даму деңгейін анықтау.
- Оқушылардың икемділігін анықтау.
- Жеке психологиялық қасиеттерін зерттеу.
- Проблемасы бар балалармен жеке жұмыстар жүргізу.
- Шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруда кәсіби шенберден шықпау.
- Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынаста болу.
- Балалардың психологиялық саулығын дамыту, сақтау және нығайту ішараларын жасақтау.
- Психологиялық көмекті қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларды үйімдастыру.
- Педагогтардың, ата-аналардың, әлеуметтік-психологиялық құзырын жоғарылату үшін психологияны практикада қолдану сұрақтары бойынша педагогтарға кеңес беру.
- Ата-аналармен жұмыс.
- Балаларды оқыту жөніндегі ата-аналарға ағарту жұмысын жүргізу.
- Сұраныс бойынша баланы арнайы қабілетіне, жеке тұлғалық ерекшелігіне, интеллектуалдық дамуына диагностика жүргізу және ата-аналарға бағыт беру.
- Жағымсыз әсерлерден бала психикасын қорғау, бала құқығын сақтауда толыққанды эмоциональдық қалыпты бақылауды қамтамасызету туралы кеңес беру.
- Педагогтармен жұмыс.
- Педагогтардың сұранысы бойынша жеке және топтық дамыту сабактарын жүргізу, қандай да бір проблеманыткербес шешу.
- Балаларға оку дағыларын, іскерлікті менгеруге көмектесу, сабакта өзін-өзі реттеуді және өзін-өзі бағалауды дамытуда педагогтарға кеңес беру.
- Оку іс-әрекетіне диагностика жүргізу

Таныстым:  Г.Алматова.

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектептің
ұйымдастыруыш педагогы Н.Мархабаеваның міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

Мектептің ұйымдастыруыш педагогы Н.Мархабаева

- Мектепте окушылармен жасөспірімдердің жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін және қажеттілігін зерделейді және тұргылықты жері бойынша оларды іске асыру үшін жағдай жасайды.
- Жеке тұлғаның таланттын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.
- Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметтерін, окушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырады.
- Көркемдік-шығармашылық бағытына жетекшілік етеді.
- Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу үшін баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.
- Кештерді, мерекелерді, саяхаттарды, экскурсияларды, білім алушылардың бос уақыт, демалыс ойын-сауық саласындағы маңызды әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды.
- Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.
- Іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етеді.
- Балалар мен жасөспірімдерге азаматтық және рухани ұстанымын танытуға, өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға, бос уақыттарын пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды.
- Білім беру ұйымдарында мәдени-бұқаралық патриоттық жұмыстарды жргізеді.
- Оған сеніп тапсырылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық танытады.
- Каникул кезінде олардың демалысын ұйымдастырады.
- Балалар және жасөспірімдермен озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді.
- Өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымдарының педагог ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, окушылар ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Таныстым: *Мархабаева Н*

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектеп
алғашқы әскери дайындық пәнінің мұгалімі
(педагог-военрук) Б.Смайлотовтың міндеттері:
2021-2022 оку жылы**

- 1-11 сыныптарда дене тәрбиесі пәндерінің оқытылуы жағдайы.
- Мектепте жүргізілетін әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары.
- Дене тәрбиесі пәні бойынша жүргізілетін сыныптан және мектептен тыс спорту жұмыстары.
- Волейболдан ,баскетболдан, жеңіл атлетикадан, шахматтан, дойбыдан т.б. спорт түрлерінен мектеп құрама командаларын, құру, оларды әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуға даярлау.
- Сынып журналдарындағы оқушылардың дене тәрбиесі бойынша көрсеткіштерін есепке алатын беттердің дұрыс толтырылуын қадағалау.
- Әскерге алдын-ала шақырылатын балалармен жұмыс жүргізу, аудандық әскери комиссариатпен тығыз байланыста болу.
- АӘД кабинетінің материалдық-техникалық базасын нығайту.
- Мектеп коридорындағы әскери патриоттық тәрбие тақырыбына арналған стендтерді жаңарту қайта жасау.
- АӘД мәселесі бойынша және дене тәрбиесі пәнінің оқытылуы бойынша әр түрлі есептер даярлау, тапсыру.
- «Ерлік даңқы» залын жасау, «Панфилов және панфиловшылар» деп аталатын бұрыш жасауға байланысты іс-шаралар жүргізу.
- Өмір қауіпсіздік негіздері пәнінің оқытылуына басшылық пен бақылау жасау.
- Азаматтық қорғаныс шараларын жасау, жаттығулар өткізу.

Таныстым:



Б.Смайллов

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектеп
директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары
Г.Кенжегулованаң міндеттері:**

2021-2022 оқу жылы

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Кенжегулова Гулшат мектептің санитарлық тазалық жұмыстарына ,жарықтандыру жылыту жүйесіне,мектепті ағымдағы жөндеуден өткізуге,техника өрт қауіпсіздігіне кіші техникалық қызметкерлердің еңбек табелін жүргізуге,аптасына 1 күн кезекшілік атқаруға,мектеп медбикелерінің жұмыстарына басшылық жасауға жауапты.

- Мектептің барлық шаруашылық жұмыстарын жоспарлау,оны атқаруда жүйелі жұмыс жүргізеді.
- Мектеп мүлкіне иелік жасау,талан-таражға салмауын қадағалайды.
- Барлық оқу кабинеттерін сыныптардағы бала санына сай етіп парталармен,орындықтармен және мебелдермен жабдықтайды.
- Мектептің материалдық-техникалық базасын үнемі нығайтып отырады.
- Кіші техникалық қызметкерлердің жұмысына басшылық пен бақылау жасайды.
- Мектепті мектеп,мүлкін ағымдағы жөндеуден өткізеді.
- Мектептің жылу,жарық жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- Электр,су т.б. бойынша есеп айырылысу жұмыстарын келісім шартқа байланысты жүргізеді.
- Мектепте техника қауіпсіздігі шараларын жасайды.
- Мектепте санитар-гигиеналық талаптарын орындалуын қамтамасыз етеді.
- Оқушыларды ішетін таза сумен қамтамасызыз етеді.
- Мектеп ауласының, әжетханасының үнемі таза болуын қамтамасыз етеді.
- Материалдық жауапты адамдармен келісім шарт жасайды.
- Кіші техникалық қызметкерлердің жұмысқа шығудың табелін жүргізеді.
- Кіші техникалық қызметкерлердің техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау, талап ету, оларға әлеуметтік-экономикалық жәрдем көрсету шараларын жасайды.
- Қосымша қаражат табу көздерін іздестіреді.
- Мектептің күрделі жөндеуден өтілуіне күнделікті бақылау жасау,түскен құрылыш материалдарының сақталуын, жұмыстың сапалы орындалуын қадағалап отырады.

Таныстым:

Г.Кенжегулова

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің
уақытша тәлімгері Р.Бейсенованың міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

- Балалар қоғамдық үйымдары мен бірлестіктерінің қызметінің дамуына ықпал жасайды.
- Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызығушылықтары мен қажеттілігін ескере отырып, жұмысын жоспарлайды.
- Ұжымдық-шығармашылық қызметті үйымдастырады.
- Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп жатқан үйымдар, бірлестіктер туралы кең көлемде ақпараттандыруға жағдай жасайды.
- «Жас ұлан» үйымына оқушылары қабылдау.
- Білім беру үйымдарында жалпы мәдени бүқаралық, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын үйымдастыру, балалардың танымдық демалысын олардың бос уақыттарын қызықты да пайдалы өткізуге үйымдастыруға ықпал етеді.
- Өзіне сеніп тапсырылған білім алушылармен тәрбиеленушілер, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқоршылық жасайды.
- Оқушылардың демалыс кезінде уақытын тиімді үйымдастырады.

Таныстым:


Р.Бейсенова

**№22 З.Рустемов атындағы жалпы орта мектебінің
әлеуметтік педагогы Э.Ибрагимованың міндеттері:
2021-2022 оқу жылы**

- Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету.
- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғайды.
- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтайды.
- Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді.
- Мінез-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау, асоциалдық мінез-құлқытың алдын алу жұмыстарын (қылмыстың, құқық бұзушылықтың, маскүнемдіктің, таксиоманияның, наркоманияның және т.б. алдын алу).
- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысады, оқушылардың ақыл-ой және физикалық дамуына байланысты түзету-оналдыру әрекетін ұйымдастырады.
- Түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсे алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне (кәсіп таңдауда, жұмысқа тұруда, денсаулығын нығайтуда, бос уақыттарын ұйымдастыруда және т.б.) ықпал ету.
- Ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік-педагогикалық кеңес берумен айналысады.

Таныстым:  Э. Ибрагимова